

Білім беру мекемесі мен «Степногорск қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ арасында тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық ал ауқаты саласындағы көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша

МЕМОРАНДУМ

Степногорск қ.

2022 жылғы «05» қаңтар

Осы Меморандум «Степногорск қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ мен білім беру мекемесі арасындағы өзара түсіністік туралы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларын сақтау мәселелері бойынша ынтымақтастық тураты (бұдан әрі - Меморандум):

«Степногорск қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы РММ-басшы Гулюза Пурихановна Абрамович, «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» ММ басшысы Оспанова Алтын Кабдрашитовна, және оқушыларға ыстық тамақ ұйымдастырушылар - жеке кәсіпкерлер, бұдан әрі бірігісіп "Тараптар" деп аталады.

Тараптар осы Меморандуммен төмендегілер туралы келіседі:

1 бап. Меморандум мақсаты

Осы Меморандумның мақсаты - білім беру мекемелерінде ыстық тамақты ұйымдастыру және балалардың денсаулығын арттыру үшін санитарлық ережелерді жақсарту,

2-бап.

1. Тәрбие және білім беру объектілерінде білім алушылар мен тәрбиеленушілерді тамақтандыру нормативтерінің орындалуы ("брутто" массасында) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысымен регламенттелген.

2. Объектіде перспективалы маусымдық (жаз – күз, қыс – көктем) ұтымды, теңгерімді мәзір жасалады. Мәзірді әзірлеу кезінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің болу ұзақтығы, олардың жас санаты ескеріледі, витаминді-минералды кешенмен байытылған тамақ өнімдері көзделеді.

3. Жасына байланысты тағам порциясының сатмағы грамммен нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес.

Осы Санитариялық қағидаларға нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес тамақ өнімдерін ауыстыруға жол беріледі.

4. Күн сайын тамақтану залында объектінің басшысы бекіткен ас мәзірі ілінеді, онда тағамдардың атаулары, әрбір дайын тағамның шығуы көрсетіледі.

Сурет

3-бап.

1. Тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын қабылдау олардың сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттар болған кезде Санитариялық қағидаларға 9-қосымшаның 1-нұсқасына сәйкес тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналына деректерді енгізе отырып жүзеге асырылады.
2. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануында ауыл шаруашылығы мақсатындағы ұйымдарда, оқу-тәжірибе және бау-бақша учаскелерінде, білім беру ұйымдарының жылыжайларында өсірілген өсімдіктен алынатын азық-түлік шикізатын көрсетілген тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын зертханалық-аспаптық зерттеулердің нәтижелері болған кезде пайдалануға жол беріледі.
3. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ас блогының өндірістік ұй-жайларында болуына және оларды тамақ дайындаумен, көкөністерді тазалаумен, дайын тамақты тарағумен, нап кесумен, ыдыс жуумен, өндірістік ұй-жайларды жинаумен байланысты жұмыстарға тартуға жол берілмейді.
4. Тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтау төмен температуралы тоңазытқыш жабдықтарында және (немесе) тоназытқыш камераларында және (немесе) тоңазытқыштарда жүзеге асырылады. Температураны бақылау үшін термометрлер орнатылады. Сынап термометрлерін пайдалануға жол берілмейді.

4-бап.

1. Білім беру ұйымдарында жол берілмейді:
 - 1) ұйыған сүтті, ірімшікті, айранды;
Толтырылған құймақтарды;
флоттық макаронды;
зельцев, форшмаков, сілікпе, пантеттерді;
кремі бар кондитерлік өнімдерді;
тұтыну орамаларындағы кондитерлік өнімдер мен тәттілерді (шоколад, компит, пепене);
моретерді, квастарды;
фритюрде қуырылған бұйымдарды;
пісірілген жұмыртқа, уыздықты-жұмыртқа;
күрделі (төрт компоненттен астам) салаттар; қаймақ пен майонез қосылған салаттарды;
көксорналарды;
санырауқұлақтарды;
өнеркәсіптік емес (үйде) дайындалған тамақ өнімдерді;
тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізіндегі бірінші және екінші курстар;
газдалған, емдік және емдік-асханалық минералды суларды, тәтті алкогольсіз сусындарды, алкогольсіз эспергетикалық (сергітетін) сусындарды, диффузиялық қойылтылған шырындарды (оралған минералды және ауыз суларды қоспағанда);

с.с.с.с.

фаст-фудтар: гамбургерлер, хот-догтар, чипстер, кепкен нанцарды, болжауларды;

аппы тұздықтар, кетчуптар, күйдіріш дәмдеуіштер (бұрыш, желкек, қыша) дайындау және сатуды;

2) термиялық өңдеусіз пастерленбеген сүтті, сүзбе және қаймағын;

суда жүзетін құстардың жұмыртқалары мен етін;

ауыл шаруашылығы жануарларының аурулары бойынша қолайсыз шаруашылықтардан алынған сүт және сүт өнімдері;

тілін, жүрсін қоспағанда, өнімді жануарлар мен құстардың субөнімдерін;

өнімді мал еті мен құс етін механикалық жолмен сүйектеп айырған;

құс етінен жасалған құрамында қолмағын бар шикізатын;

кайта мұздатуға ұшыраған өнімді жануарлар мен құстардың сою өнімдерін;

генетикалық түрлендірілген шикізат және (немесе) құрамында генетикалық түрлендірілген көздер бар шикізаттарын;

подталмаған тұз және құрамында темір бар дәрумендермен, минералдармен байытылмаған (сұрышталмаған) жоғары және бірінші сортты бидай ұнын пайдалану.

Білім беру объектілерінде тамақ өнімдерін өткізетін автоматтарды орнатуға жол берілмейді.

Жашай сауықтыру рәсімі ретінде оттегі коктейльдерін өткізуге жол берілмейді.

5-бап.

1. Объектіде нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес өндірістік бақылау ұйымдастырылады және жүргізіледі.

6-бап.

1. Білім беру объектілерінде медициналық қызмет көрсету қамтамасыз етіледі.

2. Медицина қызметкері болмаған кезде медициналық қызмет көрсетуді алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымы жүзеге асырады.

7-бап. Қорытынды ережелер

1. Осы Меморандумға қол қойған Тараптардың әрқайсысы өз өкілеттіктері негізінде өз жауапкершілігін мойындайды және өзара келісім мен жасалған уағдаластықтар қағидаттарында туындаған проблемаларды шешуде ынтымақтасуға міндеттенеді.

2. Осы Меморандумның баптарын түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды кеңестермен келіссөздер жолымен шешеді.

3. Осы Меморандум Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде 3 данада жасалды.

4. Меморандумға барлық өзгерістер мен толықтырулар кеңестер мен келіссөздер жүргізу жолымен екі тараптың келісімі бойынша енгізіледі.

5. Осы Меморандум Тараптар арасында қол қойылған сәттен бастап күшіне еседі.

Осы Меморандумға қол қойды:



«Степногорск қалалық санитарлық-
эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ
басшысы

Е.Абрамович

«Ақмола облысы білім басқармасының
Степногорск қаласы бойынша
білім бөлімі» ММ басшысы

А.Оспаинова

ЖК «Кумажанов»

М.Кумажанов

ЖК «О», Забота

А.Макеутов

ЖШС «Бірлік LTD KZ»

М.Ирмаинов

ЖК «АР Құрылыс Инженеринг»

А.Ерғалиев

ЖК «Волосникова О.С.»

О.Волосникова

ЖК «Ошадинская»

Ю.Ошадинская

ЖК «Даниял»

Р.Каримбеков

с.к.в.